

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Ғылым комитеті №3 мәжілісінің  
Хаттамасынан көшірме**

**Түркістан қаласы**

**16.11.2021 ж.  
Сағат: 16:30**

**Өткізілетін түрі:** онлайн (ZOOM платформасы арқылы)

**Регламент:**

Негізгі мәселелер үшін – 10 минут

Әр түрлі мәселелер үшін – 3-5 минут

**Қатысқандар:**

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, «Тұран» баспаханасының қызметкерлері, тақырыбы не ғылыми жетекшілері ауысатын докторант жетекшілері, монографиясы ұсынылған ОПК.

**Күн тәртібі:**

1. Университеттің «Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесіне» өзгерістер енгізу (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
2. Университеттің «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы ережесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізу (*Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімінің басшысы Г.Балкибаева*).
3. Университеттің «Зерттеу этикасы бойынша жергілікті комиссиясының ережесін» бекіту (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
4. Университеттің «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу ережесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізу (*Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықова*).
5. 2-3-курс магистранттары мен докторанттарының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін ауыстыру бойынша ұсыныстар (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
6. Әр түрлі мәселелер:
  - 6.1. Университет журналдарын Dergipark базасына тіркеу мәселесі (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
  - 6.2. Жас ғалымдар кеңесінің төрағасын Сенатқа мүшелікке ұсыну (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
  - 6.3. Монографияларды Сенатқа ұсыну:
    - 6.3.1. «Менеджмент және туризм» кафедрасының профессор м.а., э.ғ.к. Б.М.Дандаеваның «Қазақстанда бизнесті басқару және дамыту мәселелері» атты монографиясы (73,31% түпнұсқалық).

Рецензенттері: Ыдырыс С., э.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті; Асан Д., э.ғ.к., доцент, Халықаралық туризм және меймандостық университеті; Кенжалиев А., э.ғ.к., «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің директоры.

6.3.2. PhD доктор Р.Хазретәліқызының «Қазақстан тарихының әлеуетін сақтау және өзектілендіру мәселелері» атты монографиясы (85,25% түпнұсқалылық).

Рецензенттері: Сандыбаева А.Д., т.ғ.к., Ахмет Ясауи университеті; Әлібек С.Н., т.ғ.д., М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің директоры; Айтай Б.С., т.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

6.4. Түркология ҒЗИ-да жүргізіліп жатқан «Рухани жаңғыру аясындағы түркі мәдениетінің сабақтастығы: түркология ғылымындағы тілдік, тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштер бағытына байланысты теориялық-әдіснамалық зерттеулер» ғылыми бағыты бойынша 2020 және 2021 жылдардың жылдық есептерін тыңдау (Түркология ҒЗИ директор орынбасары М.Молдашева).

6.5. «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабарлары (Математика, физика, информатика сериясы)» журналының атын «Түркістан математика журналы» деп өзгерту мәселесі (Жаратылыстану ҒЗИ директоры Б.Калимбетов).

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

### ШЕШІМДЕРІ:

1. Университеттің «Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі» бекіту үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

2. Университеттің «Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы ережесі» бекіту үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

3. Университеттің «Зерттеу этикасы бойынша жергілікті комиссиясының ережесі» бекіту үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

4. Университеттің «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу ережесі» бекіту үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

5. 2-3-курс магистранттары мен докторанттарының тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін ауыстыру бойынша Сенат мәжілісіне ұсыныс берілсін.

6. Университет журналдарын Dergipark базасына тіркету мәселесі Сенат мәжілісіне қарауға ұсынылсын.

7. Жас ғалымдар кеңесінің төрағасын Сенатқа мүшелікке қабылдау мәселесі Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

8. Ұсынылған монографиялар ескертпелер бойынша түзетіліп Ғылым комитетіне қайта ұсынылсын.

9. Түркология ҒЗИ-да жүргізіліп жатқан «Рухани жаңғыру аясындағы түркі мәдениетінің сабақтастығы: түркология ғылымындағы тілдік, тарихи, мәдени, археологиялық ескерткіштер бағытына байланысты теориялық-әдіснамалық зерттеулер» ғылыми бағыты бойынша 2020 және 2021 жылдардың жылдық есептері бекітілсін.

10. «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Хабарлары (Математика, физика, информатика сериясы)» журналының атын «Түркістан математика журналы» деп өзгерту мәселесі кейінге қалдырылсын.

Ғылым комитетінің төрайымы

Мәжіліс хатшысы



А.Ошибаева

Ж.Ахметова